

ШАҒАРДЫ ШЫРАЙЛАНДЫРУ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Арқаның ұзақ қысынан сон елді мекендердің кейпі жүдеп шығады. Осы орайда, қала мен ауылдардың келбетін шырайландыруда жыл сайын өткізілетін санитарлық тазалық пен абаттандыру айлығының пайдасы зор. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылатын бұл айлық биылғы жылы 11 сәуір – 8 мамыр аралығына белгіленіп отыр. 8 сәуір күні болған жиында қала әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, қоғамдық көлік және автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бауыртай Аманов сөз етіліп отырған айлыққа әзірлік жайын баяндап берді.

Бекітілген жоспарға сай, тазалық айлығындағы іс-шаралар

Екібастұз қаласы мен өңірін тегіс қамтиды. Сенбіліктерге мемлекеттік мекемелерде, кәсіпорындар мен ұйымдарда, шағын және орта бизнесте еңбек етіп жүрген екібастұздықтар жұмылдырылып, көшелер, аулалар, саябақтар мен көшебақтар тазартылып, бей-берекет қоқыстар сыртқа шығарылады. Сонымен қатар, көгалдандыру жұмыстары қолға алынып, ғимараттардың, шағын архитектуралық формалардың кескін-келбеті жақсартылады. Дәл осындай жұмыстар ауылдық аймақта да жүргізіледі.

Бауыртай Амановтың айтуынша, коммуналдық қызметтер күшейтілген жұмыс режиміне көшіріліпті. Айлық кезінде қоқыс қалалық полигонда тегін қабылданады. Оны шығаруға

100-ден астам техника бөлініп отыр. Тазалық айлығына әзірлік жөніндегі жиында сөз тізгінін ұстаған қала әкімі Аян Бейсекин бұл бағыттағы жұмыстың басталып кеткенін, ондаған мың тонна қоқыстың полигонға шығарылғанын айта келе, қарқынды әлі күшейте түсу керектігін тілге тиек етті.

– Тазалық айлығы мен жалпықалалық сенбіліктерге бұқаралық сипат беру – міндетіміз. Өкінішке қарай, бізде экологиялық мәдениет әлі өз дәрежесінде емес. Егер әр адам тазалық іс-шараларында тер төгіп, жұмысқа қолғабысын тигізсе, сонда қоршаған ортаны таза ұстаудың кәдірін сезінеді, – деген қала басшысы Аян Уахитұлы 1 маусымға дейін шаһар шырайын

келтіру жұмыстарын аяқтау қажеттігін қадап айтты.

Осы аралықта көше жолдарын тегістеу жұмыстары жүргізіліп, жолақтар сызылып, көшебақтарға гүлдер егіліп, қаланың сырты мен ішінде 20 мың түп жас шыбық отырғызылады. Тағы бір қуанышты хабар, орталық саябақта мердігерлер күрделі жерасты инженерлік тораптарды тарту жұмысын аяқтапты. Енді саябақта өзге де жұмыстар жүргізіліп, қыркүйекте пайдалануға беріледі екен.

Түйіндей айтқанда, тазалық айлығына енгізілген іс-шаралардан әрбір екібастұздық қалыс қалмауы абзал. Шаһардың жайлы әрі жайнап тұруы бәріміз үшін де қуаныш емес пе.

Ж. СӘДУАҚАС

ХАБАРЛАНДЫРУ

2026 жылғы 15 мамырда сағат 15.00-де төмендегі мекенжайда: Павлодар облысы Атығай ауылы Сарыарқа көшесі, 1а (әкімдік конференц-залы) ашық түрде қоғамдық тыңдаулар өткізу жоспарлануда. Тыңдаулар кешенді экологиялық рұқсат материалдары (техникалық нормативтер жобасы, эмиссия нормативтері жобасы, рұқсат етілетін төгінділер нормативтері жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаға рұқсат етілетін физикалық әсерлер нормативтері жобасы) бойынша «2020–2044 жылдар кезеңіне арналған «Восточный» разрезі шегіндегі Екібастұз тас көмір кен орнын игерудің тау-кен жұмыстары жоспары. Ашу сызбасын түзету. Толықтыру» жобасына қатысты өткізіледі.

Әсер ету аумағы: Павлодар облысы, Екібастұз қаласы әкімдігі Бәйет ауылдық округі, Атығай ауылы. Географиялық координаттары: 51° 44'54,7 с.е. 75°29'21,0 ш.б. «Восточный» разрезі орталығының координаттары: 51° 42' 9.49" с.е. 75° 27'13.99" ш.б.

Бейнеконференция арқылы қосылу сілтемесі: <https://erg.zoom.us/j/86983642012?pwd=DyDxd5ObtAumObeHv1aHan5R76Xgxx.1>

Идентификатор – 86983642012, құпиясыз – 706688.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Еуразиялық энергетикалық корпорациясы» АҚ-ның «Восточный» разрезі филиалы, БСН 230341026076, Павлодар облысы, Екібастұз қ., Строеие көшесі, 11, тел.: 8 71872 24425.

Әзірлеушілер: «ССПО» АҚ, БСН 920 240 000 127, Қостанай облысы Рудный қ. Ленин көшесі, 26, тел.: 8-705-837-79-76. «Қарағандагипрошахт» ЖШС, БСН 060540008083, Қарағанды қ. Лобода көшесі, 15, тел.: 8 7212-41-17-82.

Жоба бойынша құжаттама НБД СОС және ПР ақпараттық жүйесінде <https://ndbecology.gov.kz/> және жергілікті атқарушы органның сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/?lang=kk> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған. Жоспарланып отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін Sholpan.Sumbayeva@erg.kz электронды поштасы немесе 8-705-837-79-76 телефоны арқылы хабарласуды сұраймыз.

Ескертулер мен ұсыныстар қағаз және электронды нұсқада тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ-не қабылданады: тел.: 8 7182 372178, buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru, +7 705 540 30 51, сондай-ақ, <https://ndbecology.gov.kz/> сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Екібастұз қаласының тыңдауға офлайн қатысқысы келетін тұрғындары үшін тыңдау өтетін орынға дейін және кері қайтуға көлік (автобус) беріледі. Отыру орны: Екібастұз қ. Кеншілер көшесі, 3 «А», «Атамұра» мәдениет орталығы. Шығу уақыты: 14:00. Анықтама телефондары: +7 705 114 31 42; +7 775 689 60 33.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсету арқылы жүргізіледі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2026 жылғы 15 сәуірден бастап 20 жұмыс күні ішінде <https://ndbecology.gov.kz> сайтында Павлодар облысы аумағында орналасқан «Шығыс» көмір кеніші үшін 2025-2034 жылдарға арналған экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы» АҚ, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Аксу қ. Промышленная көшесі, 60, тел.: 8 (71837) 9 99 00, эл. пошта: ees@erg.kz.

Әзірлеуші: «Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» АҚ; Рудный қ. Ленин көшесі, 26; тел.: 8-71431-3-17-62, 8-705-837-79-76.

Ұсыныстар мен ескертулер <https://ndbecology.gov.kz> сайтында қабылданады.

Жергілікті атқарушы орган – «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, тел.: 8 (7182) 32-16-81, эл. пошта: temirgalina.aliya@pavlodar.gov.kz.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«QAZ minerals mining» ЖШС Находка кен орнының тау-кен жұмыстары жоспары бойынша ықтимал әсерлер туралы есепке қатысты ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Әсер ету аумағы: Павлодар облысы, Екібастұз Қ.А., Төртқұдық ауылдық округі: 1. 51°42'44" с.е. 74°11'17" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 20 мамырда сағат 15.00-де Павлодар облысы, Екібастұз Қ.А., Төртқұдық ауылдық округі, Төртқұдық ауылы, Фабричная көшесі, 10, ауылдық клуб мекенжайында өтеді.

Онлайн трансляцияға қосылу үшін: <https://us05web.zoom.us/j/4557636415?pwd=WmNYSSswalRpZjdIEhCM1pwRmQyZz09&omn=88437962708>. Конференция идентификаторы: 455 763 6415. Қолжетімділік коды: a8Ub79.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсету арқылы жүргізіледі.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы – «QAZ minerals mining» ЖШС, Көкшетау қ., Красный Яр ауылы, Чайкино шағынауданы, Геологтар көшесі, 11-үй, 2-кеңсе, БСН: 170140026991, тел.: +7 705 135 8588.

Жобалық материалдарды әзірлеуші – «GREEN ecology» ЖК, тел.: +7-701-603-80-56.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай және телефон арқылы алуға болады: Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ. Красный Яр ауылы Чайкино шағынауданы, Геологтар көшесі, 11-үй, 2-кеңсе, тел.: +7 705 135 8588.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> сайтында және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы ММ-нің электрондық мекенжайлары арқылы қабылданады: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru, сондай-ақ тел.: +7 705 540 3051, 8 7182 372178.

**Жарнама бөлімі
34-18-94**

«Екібастұз дауысы»
— ақпараттық
орталығы»
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Директор:

АЙНҰР МЕЙРАМОВА

Тел.: 34-17-75
(қабылдау бөлмесі)

Редактор:

ЖАНАРГУЛ ҚАДЫРОВА

Редактордың орынбасары:

ЖАССЕРІК СӘДУАҚАС

Жауапты хатшы:

ГҮЛСАНА МЕДЕУБАЙ

Тілші:

ДІЛНАЗ СЕРІКБАЙ

Аға оператор-бет қаттаушы:

ӘСЕЛ АЛТЫШЕВА

Редакцияның
мекенжайы:

141202, Екібастұз қаласы
Мәшһүр Жүсіп көшесі,
46-үй, 1-қабат
Телефон: 40-06-19

Жарнама бөлімі: 34-18-94

Маркетинг және тарату
бөлімі: 34-18-94

Электрондық пошта:
Otarka92@gmail.com

Таралымы: 3000

Тапсырыс: № 66

Индекс 63700

Газет аптасына бір рет,
бейсенбі күні қазақ тілінде
шығады. Көлемі 3 б. т.
Газетке 08.04.2026 ж.
сағат 18.00-де қол қойылды.

Автордың жеке пікірі
үшін редакция жауап
бермейді.

Қолжазба, фотосурет
авторға қайтарылмайды.
«Отарқада» жарияланған
материалдарды көшіріп
немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша
рұқсаты алынып,
газетке сілтеме жасалуы
міндетті.

Газет Қазақстан
Республикасының
Мәдениет және Ақпарат
министрлігі Ақпарат және
мұрағат комитетінде 2012
жылы 28.08.тіркеліп,
№12979-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияда
компьютермен
теріліп, беттеліп,
Астана
қаласындағы
«Импрайм» жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі
баспаханасында
басылды.
Астана қаласы
Жұбанов к-сі, 24/1